

ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ «QARAGANDY JASTARY» ЖАСТАР СЫЙЛЫҒЫН БЕРУ ЕРЕЖЕСІ

Терминдер мен анықтамалар

Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) Қарағанды қаласы әкімінің жастар сыйлығы (бұдан әрі - сыйлық) – кәсіби салада жоғары көрсеткіштерге ие және қоғамдық қызметке белсенді қатысатын жас азаматтарды қолдаудың қосымша шарасы.
- 2) Сыйлық – төменде сипатталған номинациялар бойынша ізденушілер үшін 300 000 теңге (үш жүз мың теңге) мөлшерінде ақшалай көтермелеу;
- 3) Конкурсты ұйымдастырушы – сыйлықты берудің барлық кезеңдерін ұйымдастыру бөлігінде өнім беруші болып табылатын үкіметтік емес ұйым;
- 4) Сыйлықты беру жөніндегі комиссия (бұдан әрі - комиссия) – сараптамалық-кеңесші орган болып табылады және өз міндеттерін қоғамдық негізде атқаратын мәдениет, өнер, ғылымның беделді қайраткерлері, қоғам қайраткерлері, жергілікті атқарушы органдардың жауапты қызметкерлері қатарынан қалыптастырылады;
- 5) Жас волонтер – жастар қоғамдық және қайырымдылық ұйымдарының, волонтерлік топтар мен бірлестіктердің, ҮЕҰ мүшелері, сондай-ақ әртүрлі бағыттар бойынша ерікті қызметті жүзеге асыратын кез келген азаматтар: әлеуметтік волонтерлік, оқиғалық (білім беру, спорттық, мәдени, туристік), төтенше жағдайларда волонтерлік, мәдениет саласындағы волонтерлік, экологиялық волонтерлік және т. б
- 6) Жас педагог – педагогикалық жүйенің барлық деңгейлеріндегі жас педагогтер: ЖОО, колледждер, лицейлер, қаланың жалпы білім беретін мектептері, мектепке дейінгі мекемелер мен қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиешілері (кәсіби жетістіктер, педагогикалық қызметте инновациялық компоненттің болуы, білім беру процесіне жаңа технологияларды енгізу немесе қолдану, ғылыми жұмыстар мен жарияланымдардың болуы, белсенді азаматтық ұстаным, қоғамдық-пайдалы қызмет);
- 7) Жас спортшы – жас спортшылар, спорттық іс-шаралардың белсенді қатысушылары, халықаралық, өңірлік және республикалық (өңіраралық) жарыстардың жеңімпаздары;
- 8) Жас дәрігер – мансаптық қызмет сатысына қарамастан қаланың жас медицина қайраткерлері (кәсіби жетістіктері, медициналық қызметте инновациялық компоненттің болуы, емдеу практикасына жаңа технологияларды

енгізу немесе қолдану, ғылыми жұмыстар мен жарияланымдардың болуы, белсенді азаматтық ұстанымы, қоғамдық-пайдалы қызметі);

9) Жас жұмысшы – қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарының жұмысшы мамандықтарының жас өкілдері (слесарь, машинист, механизатор, токарь, біліктеуші, шахтер, металлург және т. б.), өз қызметінің саласын дамытуға қосқан үлесі, белсенді азаматтық ұстанымы, қоғамдық-пайдалы қызметі);

10) Жас Отан қорғаушы – құқық қорғау органдарының, әскерилендірілген бөлімшелердің (ІІМ, ҰҚК, ТЖМ, Ұлттық ұлан, прокуратура, ЭТҚ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет және т.б.) жас қызметкерлері, өз қызметінің үздік нәтижелерін көрсеткен, тәртіптік жазасы жоқ, қаланың қоғамдық өміріне қатысатын әскери және арнаулы оқу орындарының (колледждер, ЖОО) курсанттары;

11) «Мәдени-әлеуметтік дамуға қосқан үлесі үшін» – Қарағанды қаласының мәдениеті мен әлеуметтік саласын дамытатын, білім беру курстарын ұйымдастырған, мемлекеттік тілді дамытуға және ілгерілетуге зор үлес қосқан жас журналистерге және тұлғаларға арналған номинация.

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» және «Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары үшін мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, гранттар мен сыйлықтар туралы» заңдарға сәйкес, Қарағанды қаласы әкімінің қалалық жастар сыйлығы (бұдан әрі – сыйлық) табыс етіледі.

2. Сыйлық **14-тен 35-ке дейінгі жас аралығындағы** Қарағанды қаласының жас азаматтарына жастар арасында танылған жемісті ғылыми, шығармашылық, кәсіби және қоғамдық қызметі үшін келесі номинациялар бойынша беріледі:

1. Жас волонтер;
2. Жас педагог;
3. Жас спортшы;
4. Жас дәрігер;
5. Жас жұмысшы;
6. Жас Отан қорғаушы;
7. «Мәдени-әлеуметтік дамуға қосқан үлесі үшін»;

3. Өткен жылдардағы лауреаттарды қайта ұсынуға жол берілмейді; сыйлыққа үміткер тек бір номинацияға өтініш бере алады.

4. Сыйлыққа ұсынулар бойынша талқылауды және шешім қабылдауды қалалық сыйлықты беру жөніндегі комиссия жүзеге асырады..

5. Конкурстық құжаттарды, ізденушілерді сыйлыққа іріктеуді және қабылдауды конкурсты ұйымдастырушы жүзеге асырады.

6. Сыйлық бір уақытта әр номинация бойынша біреуден артық емес үміткерге берілуі мүмкін. Сол кандидатура бір номинациядан артық сыйлық алуға ұсыныла алмайды.

7. Сыйлық алуға өтінімдерді қабылдау өтінімдер жарияланған кезден басталады және 20 күнтізбелік күнге созылады.

Жұлдемен марапатталған тұлғаларға «Қарағанды қаласы әкімінің жастар сыйлығының лауреаты» атағы беріліп, диплом және ақшалай сыйлық беріледі.

8. Марапаттау рәсімі аясында 300 000 теңге (үш жүз мың теңге) жұлде беріледі.

9. Конкурсты ұйымдастырушы тиісті жылдың жиырмамыншы желтоқсанынан кешіктірмей ақшалай сыйлықты жұлдегердің банк шотына аударады.

10. Конкурсты ұйымдастырушы жүктелген міндеттерге сәйкес:

– үміткерлердің конкурстық құжаттарын және сыйлыққа ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарауды қабылдайды, оларды ұсыну тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

– жұлдегердің дипломдарын береді;

– марапаттау рәсімінің салтанатты бөлігін ұйымдастырады;

– қатысушылардың құжаттарын бақылайды;

– БАҚ және әлеуметтік желілерде жұмысты ұйымдастырады;

– конкурс комиссиясының отырыстарын ұйымдастырады.

11. Комиссияның құрамын Қарағанды қаласының әкімдігі бекітеді.

12. Комиссия құрамына: комиссия төрағасы, комиссия төрағасының орынбасары, хатшы, комиссия мүшелері кіреді.

13. Комиссияны Қарағанды қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары ұсынатын төраға басқарады. Комиссия төрағасы болмаған кезеңде оның міндеттерін «Қарағанды қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы ұсынған комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

Комиссия төрағасы:

– комиссия қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

– комиссия құзыреті шеңберінде өзге де өкілеттіктерді орындайды;

Комиссия Хатшысы:

– комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастырады;

– комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді;

– комиссия отырысын өткізудің күн тәртібі, орны мен уақыты туралы мүшелерді хабардар етеді;

– комиссия мүшелеріне келіп түскен құжаттарды ұсынады;

- комиссия отырысының хаттамасын ресімдейді.

Комиссия мүшелерінің құқығы бар:

- сыйлық беруге үміткерлерді іріктеуді жүзеге асыру;
- белгіленген талаптарды сақтау бөлігінде ізденушілердің ұсынылған құжаттарын талдауды және бағалауды жүзеге асыру;
- үміткерлер талаптарға сәйкес келмеген жағдайда құжаттарды қабылдамау туралы ұсыныс енгізу.

14. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

- кандидатураларды іріктейді, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы ұсыныстар енгізеді;
- қала әкіміне сыйлық лауреаттары атағын беру туралы ұсыныс енгізеді;
- конкурсқа қатысушыларға сыйлық лауреаттары атақтарын беру туралы шешім қабылдайды.

- сыйлыққа беру жөніндегі конкурстық комиссия мүшелерінің жақын туыстары қатысқаны анықталған жағдайда, Комиссияның осы мүшесі және үміткер (жақын туысы болып табылатын) сыйлыққа ізденушілерді іріктеуге қатысуға жіберілмейді;

- Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес: кандидатураларды іріктеуді жүргізеді, конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы ұсыныстар енгізеді;

- конкурсқа жіберілген жұмыстарды кандидатураларды кеңінен және ашық талқылауды ұйымдастырады;

- Сыйлық беру туралы шешім қабылдайды; комиссияға сыйлық алуға ұсынылған кандидатураларды алдын ала қарау үшін секциялар құру құқығы беріледі;

- Сыйлық алуға ұсынылған кандидатураларды Комиссия екі кезеңде қарайды:

- **1 кезең** – ұйымдастыру комитеті сыйлыққа алу конкурсына қатысу үшін техникалық іріктеу (ұсынылған құжаттар тізбесінің осы Ереженің талаптарына сәйкестігі) ;

- **2 кезең** – комиссия алдында сыйлыққа үміткерлердің офлайн қорғауы (бейне-фото көріністерді, презентацияларды және басқа да көрнекі материалдарды пайдалануға рұқсат етіледі); сыйлықты беру туралы шешім қабылдау әрбір кандидатура бойынша жеке бағалау парақтары арқылы жүзеге асырылады.

- Әрбір номинация бойынша жеңімпаздарды анықтау мақсатында комиссия мүшелері сыйлыққа үміткерлерден қосымша ақпарат сұратуға құқылы;
- Комиссия отырыстары олардың құрамының кемінде $\frac{2}{3}$ бөлігі болған кезде заңды болып саналады;
- Конкурсты ұйымдастырушы хабарламада көрсетілген ескертулерді ескере отырып пысықталған өтінімдерді комиссияның қарауына күнтізбелік 3 күн ішінде ұсынады;
- Комиссияның шешімі 10 балдық шкала бойынша орташа бағаны шығарумен бағалау парақтарының негізінде қабылданады.
- Сыйлықты алуға үміткерлерді бағалауға тең болған жағдайда, сыйлықты иеленуші туралы шешім комиссия мүшелерінің алқалы шешімімен қабылданады.
- Комиссия хатшысы комиссия мүшесі болып табылмайды және шешім қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

2. Конкурстық өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Конкурсқа қатысуға өтінім (*1 қосымша*) осы тәртіппен көзделген талаптармен және шарттармен конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті қатысушының келісімін білдіру нысаны болып табылады;
2. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидат ұсынатын конкурсқа қатысуға өтінім хатпен сүйемелденуге тиіс (*2 қосымша*);
3. Осы Ережеде көзделген талаптарды бұза отырып, конкурсқа қатысуға өтінімді қабылдауға және тіркеуге жатпайды;
4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:
 - Белгіленген бағыт бойынша жетістіктерді сипаттай отырып өмірбаян;
 - Қарағанды қаласында тұрақты тұру, кемінде бір жыл тұру;
 - Әр түрлі деңгейдегі бейіндік немесе өзге де жетістіктердің болуы (қалалық, облыстық, халықаралық грамоталармен және басқа сертификаттармен расталған);
 - «Мен неге жастар сыйлығына лайықпын» тақырыбындағы бейнеролик. Көлемі – 60 секундтан 120 секундқа дейін;
 - Әлеуметтік желілерде жариялау: «Мен неге жастар сыйлығына лайықпын»;

– Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығын белгілей отырып әлеуметтік желілерде (Facebook немесе Instagram) жарияланым немесе бейне. #qaragandy_jastary хэштегін пайдалану міндетті болып табылады.

– еңбегін растайтын құжаттар: грамоталардың, дипломдардың, сертификаттардың, лицензиялардың, патенттердің көшірмелері, бейнематериалдар мен фотоматериалдар, баспа, телевизиялық және электрондық БАҚ материалдары (мақалалардың үзінділері, газеттерден, журналдардан жазбалар көшірмелер);

– құжаттар конкурсты ұйымдастырушының qaragandy_jaspremia@mail.ru электрондық мекенжайына PDF электрондық форматында, файл атауында үміткердің аты-жөні көрсетілген бірыңғай файлмен ұсынылады.

№1 қосымша (өтінім нысаны)

**Қарағанды қаласы әкімінің
қалалық жастар сыйлығы конкурсына қатысуға
өтінім**

Номинация _____

Т.А.Ә. _____

Жасы (толық жас 14-тен 35-ке дейін) _____

Оқу/жұмыс орны _____

Байланыс телефоны _____

Электрондық мекен-жайы _____

Қарағанды қаласы әкімінің қалалық жастар сыйлығын беруге
ҰСЫНУ НЫСАНЫ

Т.А.Ә. туған күні	Жұмыс орны (оқу), лауазымы, жұмыс өтілі, тілдерді білуі	Ерекшеліктер, айырмашылық, еңбегі маңызды, өмірдегі мақсаты Ұсынудың негіздемесі
ФОТОСУРЕТ МІНДЕТТІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ		

Оқу орнының (ұйымның) басшысы

М.О.

(қолы)

(ТАӘ)

ПРАВИЛА ПРИСУЖДЕНИЯ МОЛОДЕЖНОЙ ПРЕМИИ АКИМА ГОРОДА КАРАГАНДЫ «QARAGANDY JASTARY»

Термины и определения

В настоящих Правилах используются следующие термины и определения:

1) Молодежная премия акима города Караганды (Далее - премия) – дополнительная мера поддержки молодых граждан, обладающих высокими показателями в профессиональной сфере и принимающих активное участие в общественной деятельности.

2) Премия – денежное поощрение для соискателей по нижеописанным номинациям в размере 300 000 тенге (триста тысяч тенге);

3) Организатор конкурса – неправительственная организация, являющаяся поставщиком в части организации всех этапов присуждения премии;

4) Комиссия по присуждению премии (Далее - комиссия) - является экспертно-совещательным органом и формируется из числа авторитетных деятелей культуры, искусства, науки, общественных деятелей, ответственных работников местных исполнительных органов, исполняющих свои обязанности на общественных началах;

5) Молодой волонтер - члены молодежных общественных и благотворительных организаций, волонтерских групп и объединений, НПО, а также любые граждане, осуществляющие добровольческую деятельность по различным направлениям: социальное волонтерство, событийное (образовательное, спортивное, культурное, туристическое), волонтерство в чрезвычайных ситуациях, волонтерство в сфере культуры, экологическое волонтерство и др;

6) Молодой педагог – молодые педагоги всех уровней педагогической системы: ВУЗов, колледжей, лицеев, общеобразовательных школ города, воспитателей дошкольных учреждений и учреждений дополнительного образования. (профессиональные достижения, наличие инновационного компонента в педагогической деятельности, внедрение или применение новых технологий в образовательный процесс, наличие научных работ и публикаций, активная гражданская позиция, общественно - полезная деятельность);

7) Молодой спортсмен – молодые спортсмены, активные участники спортивных мероприятий, победители международных, региональных и республиканских (межрегиональных) соревнований;

8) Молодой врач – молодые медицинские деятели города независимо от ступени карьерной деятельности (профессиональные достижения, наличие

инновационного компонента в медицинской деятельности, внедрение или применение новых технологий в лечебной практике, наличие научных работ и публикаций, активная гражданская позиция, общественно-полезная деятельность);

9) Молодой рабочий – молодые представители рабочих специальностей промышленных предприятий города (слесарь, машинист, механизатор, токарь, вальцовщик, шахтер, металлург и т.д., вклад в развитие сферы своей деятельности, активная гражданская позиция, общественно-полезная деятельность);

10) Молодой защитник отечества – молодые сотрудники правоохранительных органов, военизированных подразделений (МВД, КНБ, МЧС, национальной гвардии, прокуратуры, СЭР, антикоррупционной службы и т.д.), курсанты военных и специальных учебных заведений (колледжи, вузы), показавшие отличные результаты своей службы, не имеющие дисциплинарных взысканий, участвующие в общественной жизни города;

11) «За вклад в культурно – социальное развитие» – номинация для молодых журналистов, лицам внесших большой вклад в развитие и продвижение государственного языка, организовавших образовательные курсы, и личностей, развивающие культуру и социальную сферу города Караганды.

3. Общие положения

1. Согласно Законам «О государственной молодежной политике» и «О государственном социальном заказе, грантах и премиях для неправительственных организаций Республики Казахстан», вручается Городская молодежная премия акима города Караганды (далее – премия).

2. Премия присуждается молодым гражданам города Караганды в возрасте **от 14 до 35 лет** за плодотворную научную, творческую, профессиональную и общественную деятельность, получившую признание в молодежной среде, по следующим номинациям:

1. Молодой волонтер;
2. Молодой педагог;
3. Молодой спортсмен;
4. Молодой врач;
5. Молодой рабочий;
6. Молодой защитник отечества;
7. «За вклад в культурно-социальное развитие»

4. Не допускается повторное выдвижение лауреатов прошлых лет; кандидат на премию может претендовать только на одну номинацию.

5. Обсуждение и принятие решений о представлении к премии осуществляет комиссия по присуждению городской премии.

6. Отбор и прием конкурсных документов, соискателей на премию осуществляет организатор конкурса.

7. Премия может присуждаться одновременно не более одному соискателю по каждой номинации. Одна и та же кандидатура не может

выдвигаться на соискание премии более чем по одной номинации.

8. Прием заявок на соискание премии начинается с момента объявления о приеме заявок и продлится 20 календарных дней.

Лицам, удостоенным премии, присваивается звание «Лауреат молодежной премии акима города Караганды», вручаются диплом и денежная премия.

9. Премия 300 000 тенге (триста тысяч тенге) вручается в рамках торжественной церемонии награждения.

10. Организатор конкурса в срок не позднее двадцатого декабря соответствующего года перечисляет денежное вознаграждение на банковский счет лауреата премии.

11. Организатор конкурса в соответствии с возложенными обязанностями:

- осуществляет прием конкурсных документов кандидатур и предварительное рассмотрение работ, выдвинутых на соискание премии, обеспечивает соблюдение порядка их выдвижения;

- оформляет дипломы лауреата премии;

- проводит организацию торжественной части вручения премии;

- проводит мониторинг документации участников;

- организовывает работу в СМИ и социальных сетях;

- организовывает заседания конкурсной комиссии.

12. Состав комиссии утверждается акиматом города Караганды.

13. В состав Комиссии входят: председатель комиссии, заместитель председателя комиссии, секретарь, члены Комиссии.

14. Комиссию возглавляет председатель в лице курирующего заместителя акима города Караганды. В период отсутствия председателя Комиссии его обязанности исполняет заместитель председателя комиссии в лице руководителя ГУ «Отдел внутренней политики города Караганды».

Председатель комиссии:

- осуществляет руководство деятельностью Комиссии;

- выполняет иные полномочия в рамках компетенции Комиссии;

Секретарь Комиссии:

- формирует повестку дня заседания Комиссии;

- обеспечивает проведение заседания Комиссии;

- информирует членов о повестке дня, месте и времени проведения заседания Комиссии;

- предоставляет членам Комиссии поступившие документы;
- оформляет протокол заседания Комиссии.

Члены Комиссия имеют право:

- осуществлять отбор соискателей на присуждение премии;
- осуществлять анализ и оценку представленных документов соискателей в части соблюдения установленных требований;
- вносить предложение об отклонении документов в случае установления несоответствия претендентов требованиям.

15. Комиссия в соответствии с возложенными на нее обязанностями:

- производит отбор кандидатур, вносит предложения о допуске к участию в конкурсе;

- вносит представление акиму города о присуждении звания лауреатов Премии;

- принимает решение о присуждении участникам конкурса званий лауреатов Премии.

- В случае выявления участия близких родственников членов конкурсной комиссии по присуждению премии, данный член комиссии и претендент (являющийся близким родственником) не допускаются к участию отбора соискателей на премию;

- Комиссия в соответствии с возложенными на нее обязанностями: производит отбор кандидатур, вносит предложения о допуске к участию в конкурсе;

- организует широкое и открытое обсуждение допущенных работ кандидатур к конкурсу;

- Принимает решение о присуждении премии; Комиссии предоставляется право образовывать секции для предварительного рассмотрения кандидатур, выдвинутых на соискание премии;

- Кандидатуры, выдвинутые на соискание премии, рассматриваются комиссией в два этапа:

- **1 этап** – технический отбор для участия в конкурсе на соискание премии (соответствие перечня предоставленных документов требованиям настоящего Положения) организационным комитетом;

– **2 этап** – оффлайн защита соискателей премии перед комиссией (допускается использование видео-фото представлений, презентаций и пр. наглядного материала); принятие решения о присуждении премии осуществляется посредством оценочных листов по каждой кандидатуре отдельно.

– В целях определения победителей по каждой номинации члены комиссии имеют право запрашивать дополнительную информацию у кандидатов на Премию;

– Заседания комиссии считаются правомочными при наличии не менее $\frac{2}{3}$ их составов;

– Организатор конкурса представляет на рассмотрение Комиссии, доработанные с учетом замечаний, указанных в уведомлении, заявки в течении 3 календарных дней;

– Решение Комиссии принимается на основании оценочных листов с выводом средней оценки по 10-ти бальной шкале.

– В случае равно оценки претендентов на соискание премии, решение об обладателе премии, принимается коллегиальным решением членов комиссии.

– Секретарь Комиссии не является членом Комиссии и не имеет права голоса при принятии решений.

4. Требования к оформлению конкурсной заявки

1. Заявка (*Приложение 1*) на участие в конкурсе является формой выражения согласия потенциального участника, претендующего на участие в конкурсе, с требованиями и условиями, предусмотренными настоящим Порядком;

2. Заявка на участие в конкурсе, представляемая кандидатом, изъявившим желание участвовать в конкурсе, должна сопровождаться письмом (*Приложение 2*);

3. Не подлежат приему и регистрации заявки на участие в конкурсе с нарушением требований, предусмотренных настоящим положением.

4. Документы, необходимые для участия в конкурсе:

– Автобиография, с описанием достижений по заявленному направлению;

– Постоянное место жительства в г. Караганда, не менее одного года проживания;

– Наличие профильных или иных достижений разного уровня (городские, областные, международные подтвержденные грамотами и другими сертификатами);

– **Видеоролик на тему: «Почему я достоин(-а) молодежной премии.**
Объем – от 60 секунд до 120 секунд;

– **Публикация в социальных сетях: «Почему я достоин(-а) молодежной премии;**

– Пост или видео в социальных сетях (Facebook или Instagram) с упоминанием Молодежного ресурсного центра г. Караганда. Обязательно использование хэштега #qaragandy_jastary.

– документы, подтверждающие заслуги: копии грамот, дипломов, сертификатов, лицензий, патентов, видео и фотоматериалы, материалы с печатных, телевизионных и электронных СМИ (вырезки статей, заметок из газет, журналов копии;

– документы предоставляются в электронном формате PDF на электронный адрес qaragandy_jaspremia@mail.ru организатора конкурса, единым файлом с указанием в названии файла ФИО претендента.

**Заявка на участие
в конкурсе Городская молодежная премия акима города
Караганды**

Номинация _____

Ф.И.О. _____

Возраст (полных лет от 14 до 35) _____

Место учебы/работы _____

Контактный телефон _____

Электронный адрес _____

ФОРМА ПРЕДСТАВЛЕНИЯ
на присуждение городской молодежной премии
акима города Караганды

Ф.И.О. дата рождения	Место работы (учебы), должность, стаж работы, знание языков	Особенности, отличие, заслуги значимые, цель в жизни Обоснование выдвижения
ФОТОГРАФИЯ ОБЯЗАТЕЛЬНО		

Руководитель учебного заведения (организации)

М.П.

(подпись)

(ФИО)